

"Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 20/6-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 тамызда N 5-19-102 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 28/5-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010.04.16 N 28/5-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148–II Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3–IY Шемонаиха аудандық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-71 тіркелген, «Уба-Информ» газетінің 2008 жылғы 7 наурыздағы № 10 санында жарияланған); «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3–IY шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 8/4–IY (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-76 тіркелген, 2008 жылғы 23 мамырдағы «Уба-Информ» газетінің № 21 санында жарияланған); «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3–IY шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 19 маусымдағы № 9/4–IY (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-77, 2008 жылғы 10 шілдедегі «Уба-Информ» газетінің № 28 санында жарияланған); «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3–IY шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2008 жылғы 11 шілдедегі № 10/3–IY (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-79 тіркелген, «Уба-Информ» газетінің

2008 жылғы 1 тамыздағы № 31 санында жарияланған) шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспедегі «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» сөздерінен кейінгі сөздер «және өзін-өзі басқару» сөздерімен толықтырылсын;

2) «Тұрғын үй көмегін беру шарттары» 2-бөлігінің 13-тармағындағы бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын: «Тұрғын үй көмегіне қайта өтініш білдірген тұрғын үй көмегін алушыларды тіркеу, тұрғын үй көмегін тағайындау бөлімі әзірлеген кесте бойынша тоқсан сайын жүргізіледі»;

3) «Тұрғын үй көмегін беру шарттары» 2-бөлігінің 19-тармағындағы «қайта аттестациялау» сөзі «тіркеу» сөзімен ауыстырылсын;

4) «Тұрғын үй көмегін беру шарттары» 2-бөлігінің 24-тармағындағы «қайта аттестациялау» сөздері «тіркеу» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

мәслихатының хатшысы

Ш е м о н а и х а

а у д а н д ы қ

Ә. БАЯНДИНОВ